



ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯСЫ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

ОНЫНШЫ ОТЫРЫС

Астана (онлайн форматта), 2023 жылғы 20 сәуір

ЕСЕП

ТҮРКПА МҮШЕ ЕЛДЕРІНДЕГІ САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІНІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ: ЖАҢА ЖАҒДАЙ ШАРТТАРЫНДА КӨЛІКТІК ҚАҢҚАНЫҢ БОЛАШАҒЫ

I. КІРІСПЕ

1. Қырғызстанның Чолпон-Ата қаласында өткен ТҮРКПА-ның 11-ші пленарлық сессиясы барысында қабылданған Хатшылықтың 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес ТҮРКПА Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі комиссиясының оныншы отырысының күн тәртібінің негізгі мәселесі ретінде «ТҮРКПА-ға мүше елдерінің сауда-экономикалық әлеуетінің интеграциясы: жаңа жағдай шарттарында көліктік қаңқаның болашағы» тақырыбын қарастыру туралы шешім қабылданды.
2. Әлемдік нарықтардың жаһандануы, әлемдік жеткізу тізбегінің қалыптасуы, ағымдағы экономикалық үрдістер әлемдік сауда көлемінің одан әрі өсуіне мүмкіндік беретініне сендіреді. ТҮРКПА мүше елдерінің көлік кешені үшін басты міндет, ол тасымалданатын жүктердің бір бөлігін ТҮРКПА аумағы арқылы тасымалдау үшін ірі әлемдік нарықтар арасында қайта бағдарлау мүмкіндіктерін іске асыру. Транзиттік жүк ағынын тарту кез-келген экономикалық өзгерістерге байланысты әлемдік сауда көлемінің төмендеуі кезінде де өзектілігін сақтайтынын атап өткен жөн. Мәселе сауда көлемінің ұлғаюы салдарынан қосымша жүк ағынын тарту туралы ғана емес,

сонымен қатар ТҮРКПА үлесін ұлғайту арқылы қалыптасқан жүк ағынының құрылымын қайта бөлу туралы болып отыр. ТҮРКПА-ға мүше барлық мемлекеттер Еуропа-Азия қатынасында және кері бағытта транзиттік тасымалдар нарығын игеруге мүдделі.

3. Халықаралық сауда байланыстарының кеңеюі тауарлар көлемінің ұлғаюына әкеліп, одан әрі күрделі және өзара тәуелді жолдармен алға жылжиды. Тауарларды тасымалдау құны сауданың көлеміне, бағытына және құрылымына әсер етеді. Сауда мен көліктегі кедергілер халықаралық саудаға, демек, экономикалық өсуге айтарлықтай әсер етеді, ЭЫДҰ талдауы операциялық шығындарды 1%-ға қысқарту әлемдік кірісті 40 миллиард АҚШ долларына арттыруы мүмкін екенін көрсетеді. Сауда логистикасының барлық компоненттері қашықтыққа немесе жүк тасымалына жұмсалатын шығындарға қарағанда саудаға едәуір дәрежеде әсер етеді.
4. ТҮРКПА мүше елдерінің мақсаты ТҮРКПА аумағы арқылы құрлықтық маршрутпен өтетін Қытай мен Еуропа Одағы (ЕО) арасындағы транзиттік жүк ағынын ұлғайтуды қамтамасыз ету болып табылады. Өйткені көлік-логистикалық қызметтердің әлемдік нарығының 19% Еуропа елдері, ал 15% Қытай қамтиды. Сонымен қатар, Қытай мен ЕО номиналды түрде әлемдегі екінші және үшінші ірі экономика болып табылады, олардың әлемдік экономикадағы үлесі 40%-ға жақындады. Ал соңғы жылдары Қытайдың жаһандық экономикалық өсуге қосқан үлесі шамамен 30% деңгейінде сақталып отыр, бұл оны әлемдік экономиканың өрлеуінің ең ірі қозғалтқышы етеді. Қытайдан Еуропаға ТҮРКПА аумағы арқылы транзиттік маршруттың бірқатар артықшылықтары бар: ол Суэц каналы арқылы өтетін теңіз маршрутымен салыстырғанда жылдамырақ және Қытайдан Еуропаға өуе тасымалына қарағанда арзанырақ. Осылайша, жүк ағынының бір бөлігін Еуразиялық транзиттік дәліздер арқылы тасымалдауға қайта бағдарлау үшін барлық алғышарттар бар.
5. Халықаралық көлік дәліздерінің дамуы өзара тауар алмасу рәсімдерін жеңілдетуге ықпал ететін экономикалық интеграция және сауданы ырықтандыру процестерімен тығыз байланысты. Жаһандық тәуекелдердің өсуі жағдайында халықаралық көлік дәліздері қызметінің көліктік-логистикалық аспектілеріне саяси тәуекелдер қосылады, бұл оларды белгілі бір дәрежеде геосаяси ықпал ету құралына айналдырады. Мәселен, ТҮРКПА аумағы арқылы ЕО

бағытындағы Қытай транзитінің дамуына Қытайдың бірқатар бастамалары қосымша серпін береді, ол «Қытай - Орталық және Батыс Азия - Парсы шығанағы мен Жерорта теңізі» Орталық Транс-Евразиялық Экономикалық Дәлізін құру бойынша «Жібек жолының экономикалық белдеуі» жобасын іске асыруға айтарлықтай күш салады.

6. Оған балама болып табылатын ЕО қаржыландыратын ТРАСЕКА ЕО пен «Еуропа - Кавказ - Азия» көлік дәлізін ұйымдастыру бойынша серіктес елдер арасындағы халықаралық ынтымақтастық бағдарламасы. Бағдарламаның негізгі бағыты – Қара теңіз, Кавказ және Каспий теңізі арқылы Еуропадан Орталық Азия елдеріне көлік дәлізін дамыту. Технологиялық тұрғыдан алғанда, бағдарлама әртүрлі көлік түрлерін пайдалану кезінде бүкіл маршрут үшін бірыңғай көлік құжаты бойынша жүкті тасымалдауға бағытталған.
7. Өз кезегінде ТҮРКПА-ға мүше елдер Транскаспийлық халықаралық көлік маршруты (Орта дәліз) құру бойынша өз бастамаларын ұсынды. Бұл ұйымның негізгі мақсаттары транзиттік және сыртқы сауда жүктерін тарту, біріктірілген логистикалық өнімдерді дамыту, тиімді тарифтік саясатты жүргізу, шығындарды және біріктірілген қызметтердің құнын оңтайландыру, тасымалдау процесінің бірыңғай технологиясын құру, шекара және кеден рәсімдерімен және порттар мен түйіспе станцияларда жүктерді және контейнерлерді өңдеумен байланысты әкімшілік кедергілерді азайтуға ықпал жасау болып табылады.
8. Осыған байланысты, ТҮРКПА мүше елдеріндегі сауда-экономикалық әлеуетінің интеграциясын тереңдету мақсатында аталған халықаралық көлік дәліздерін жаңа геосаяси және экономикалық жағдай шарттарында дамыту мүмкіндіктерін іздестіру маңызды.

II. ТҮРКПА МҮШЕ ЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

Әзербайжан

9. 2021 жылы Әзербайжанның Қазақстанмен тауар айналымының көлемі 135,8 млн АҚШ долларын құрап, оның ішінде импорт көлемі

95,91 млн АҚШ долларын, экспорт көлемі 39,89 млн АҚШ долларын, ал сыртқы сауда сальдосы 56,02 млн АҚШ долларын құрады. 2020 жылмен салыстырғанда Қазақстанмен тауар айналымы 2021 жылы 4,39%-ға қысқарып, оның ішінде импорт – 17,4%-ға қысқарып, ал экспорт 53,91%-ға ұлғайды. 2021 жылы Әзербайжанның сыртқы сауда айналымындағы Қазақстанның үлесі 0,4% (31-ші орын), оның ішінде импорт бойынша 0,82% (20-шы орын) және экспорт бойынша 0,18% (32-ші орын) құрады.

10. 2021 жылы Әзербайжанның Қырғызстанмен тауар айналымының көлемі 9,02 млн АҚШ долларын құрап, оның ішінде импорт көлемі 3,0 млн АҚШ долларын, экспорт көлемі 6,02 млн АҚШ долларын, ал сыртқы сауда сальдосы 3,02 млн АҚШ долларын құрады. 2020 жылмен салыстырғанда Қырғызстанмен тауар айналымы 2021 жылы 66,47%-ға ұлғайып, оның ішінде импорт – 16,44%-ға қысқарып, ал экспорт 3,29 есе өсті. 2021 жылы Әзербайжанның сыртқы сауда айналымындағы Қырғызстанның үлесі 0,03% (72-ші орын), оның ішінде импорт бойынша 0,03% (72-ші орын) және экспорт бойынша 0,03% (52-ші орын) құрады.
11. 2021 жылы Әзербайжанның Түркиямен тауар айналымының көлемі 5,02 млрд АҚШ долларын құрап, оның ішінде импорт көлемі 2,34 млрд АҚШ долларын, экспорт көлемі 2,68 млрд АҚШ долларын, ал сыртқы сауда сальдосы 338,76 млн АҚШ долларын құрады. 2020 жылмен салыстырғанда Түркиямен тауар айналымы 2021 жылы 10,02%-ға өсіп, оның ішінде импорт – 12,37%-ға ұлғайып, экспорт 8,05%-ға өсті. 2021 жылы Әзербайжанның сыртқы сауда айналымындағы Түркияның үлесі 14,08% (2-ші орын), оның ішінде импорт бойынша 19,65% (2-ші орын) және экспорт бойынша 11,26% (2-ші орын) құрады.

Қазақстан

12. Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы тауар айналымы 2021 жылда 332 млн АҚШ долларын құрады, бұл елдің тауар айналымының жалпы көлеміндегі үлес салмағында 0,3% құрайды, осы ретте экспорт елдің экспорттың жалпы көлеміндегі үлес салмағында 0,5% құрап, 287 млн АҚШ долларын құрады, ал импорт елдің импорттың жалпы көлеміндегі үлес салмағында 0,1% құрап, 44 млн АҚШ долларын құрады. Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы сауда көлемі соңғы

жылдары үш есеге жуық өскендіктен, 2022 жылғы тамыз және қазан айларында Мемлекет басшыларының кездесулерінде екіжақты сауда көлемін таяу уақытта 1 млрд АҚШ долларына дейін жеткізу міндеті қойылды.

13. Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы тауар айналымы 2021 жылда 1,050 млрд АҚШ долларын құрады, бұл елдің тауар айналымының жалпы көлеміндегі үлес салмағында 1% құрайды, осы ретте экспорт елдің экспорттың жалпы көлеміндегі үлес салмағында 1,1% құрап, 674 млн АҚШ долларын құрады, ал импорт елдің импорттың жалпы көлеміндегі үлес салмағында 0,9% құрап, 375 млн АҚШ долларын құрады. Өткен кезеңде Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы тауар айналымы 17,7%-ға өсіп, 1 млрд АҚШ долларынан асып түскендіктен, 2022 жылғы мамыр мен қазан айларында Мемлекет басшыларының кездесулерінде өзара экспорттық номенклатураны кеңейту, кедендік рәсімдерге цифрлық шешімдерді енгізуді қоса алғанда, қазақ-қырғыз шекарасында өткізу қабілетін жақсарту есебінен екіжақты сауда көлемін 2 млрд АҚШ долларына дейін жоспарлы түрде жеткізу міндеті қойылды.
14. Түркия Қазақстанның жетекші сауда серіктестерінің бестігіне кіреді. Елдер арасындағы өзара тауар айналымы соңғы кезеңде 5 млрд АҚШ долларынан асты. 2021 жылы Қазақстанның Түркияға экспорты 3 млрд АҚШ долларын құрап, ал импорт 1 млрд АҚШ долларынан асты. 2022 жылдың мамыр және қазан айларында Мемлекет басшыларының кездесулерінде екіжақты сауда көлемін 10 млрд АҚШ долларына дейін жеткізу міндеті қойылды. Сондай-ақ Түркия Қазақстан экономикасына 4 млрд АҚШ долларынан астам инвестиция салған Қазақстандағы 10 ірі инвестордың бірі болып табылады. Ал Қазақстан Түркия экономикасына 1 млрд АҚШ долларынан астам инвестиция салған. Соңғы 2 жылда Қазақстанда түрік инвесторлары 16 инвестициялық жобаны іске асырды.

Қырғызстан

15. 2021 жылы Қырғызстан мен Әзербайжан арасындағы тауар айналымы 10,0 млн АҚШ долларын құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 1,4 есе өскен. Импорт 3 есеге ұлғайып, 75,7 млн АҚШ долларын құрады, ал экспорт 14,6%-ға азайып, 4,3 млн АҚШ

долларын құрады. Сауда-экономикалық мәселелерді жедел шешу мақсатында 1997 жылғы 23 сәуірде Қырғызстан мен Әзербайжан Үкіметтері арасында Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылып, оның негізінде Экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі бірлескен Үкіметаралық комиссия өз жұмысын жасауда.

16. Қырғызстан мен Қазақстан арасында 200-ден астам мемлекетаралық, үкіметаралық, ведомствоаралық және басқа да екіжақты шарттар жасалған. 2021 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Ресей мен Қытайдан кейін Қырғызстанмен сауда-экономикалық ынтымақтастықта 3 орында тұр. 2021 жылы тауар айналымы 1044,3 млн АҚШ долларын құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 29%-ға артық болды. Экспорт 2021 жылы 33,6%-ға өсіп, 382,2 млн АҚШ долларын құрады, ал импорт 26,5%-ға өсіп, 662,1 млн АҚШ долларын құрады. Сауда-экономикалық сипаттағы мәселелерді жылдам шешу мақсатында Үкіметаралық кеңес пен Сауда-экономикалық мәселелер жөніндегі жұмыс тобы өз жұмысын атқаруда.
17. 2017-2021 жылдары Қырғызстан мен Түркия арасындағы тауар айналымы 15,7%-ға өсіп, осы тұста импорт 1,4 есе ұлғайып, ал экспорт 1,4 есе қысқарған. 2021 жылы Қырғызстанның тауар айналымындағы Түркияның үлесі 4,9% құрап, бұл ретте жалпы экспорттағы оның үлесі 3,3%, ал жалпы импорттағы үлесі 5,8% құрады. Осылайша, 2021 жылы Қырғызстанның Түркиямен тауар айналымы 412,2 млн АҚШ долларын құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 1,5 есеге ұлғайды, бұл ретте экспорт 90,6 млн АҚШ долларын құрап, 21,3%-ға ұлғайса, импорт 1,7 есеге өсіп, 321,6 млн АҚШ долларын құрады.

Түркия

18. 2021 жылы Түркия мен Әзербайжан арасындағы тауар айналымы 5,025 млрд АҚШ долларынан асып, Түркиядан Әзербайжанға экспорт 2,343 млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 12,3%-ға өсті. Сонымен қатар, Әзербайжаннан Түркияға импорт 2021 жылы 2,682 млрд АҚШ долларын құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 8,05%-ға өсті. Бұдан бөлек, бүгінгі таңда түрік мердігерлік ұйымдары

Әзербайжанда шамамен 12 млрд АҚШ доллары сомасына 363 жобаны іске асыруда.

19. 2021 жылы Түркияның Қазақстанға экспорты шамамен 1,3 млрд АҚШ долларын құрады. Экспорт алдыңғы жылмен салыстырғанда 31%-ға өсті. Экспорттың негізгі өнімі дәрі-дәрмек, дайын киім және жабдықтар болды. Аталған жылы импорт 1,6 млрд АҚШ долларын құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда 35%-ға өсті. Импорттың негізгі өнімі тазартылған шикі мыс және мыс қорытпалары, өңделмеген алюминий, мұнай газдары және басқа көмірсутек газдары, көмір, көмірден алынған брикеттер, түйіршіктер және басқа да қатты отындар мен мақта болды. Жалпы, екі ел арасындағы тауар айналымы 2021 жылы 2,883 млрд АҚШ долларын құрады.
20. 2020 жылы Түркия мен Қырғызстан арасындағы тауар айналымы 509 млн АҚШ долларын құрап, Түркияның Қырғызстанға экспорты 418 млн АҚШ долларын құрады. Негізгі экспортталатын тауарлар зергерлік бұйымдар, дәрі-дәрмектер, құрылыс материалдары және тоқыма бұйымдары болды. Сонымен қатар, Қырғызстаннан Түркияға импорт 2020 жылы 91 млн АҚШ долларын құрады. Негізгі өнім мақта, алтын, құрғақ бұршақ және қымбат металдар болды. 2021 жылы тауар айналымы 836 млн АҚШ долларына дейін өсіп, экспорт 79,4%-ға артып, 749 млн АҚШ долларын құрады, ал импорт 5,1%-ға төмендеп, 86 млн АҚШ долларын құрады.

III. ТҮРКПА МҮШЕ ЕЛДЕРІНДЕГІ САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨЛЕУЕТІНІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫН ЫНТАЛАНДЫРУ МАҚСАТЫНДА ЖАҢА ЖАҒДАЙ ШАРТТАРЫНДА КӨЛІКТІК ҚАҢҚАНЫ ЖЕТІЛДІРУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Әзербайжан

21. Шығыс-Батыс және Солтүстік-Оңтүстік халықаралық көлік дәліздерінің қиылысында орналасқан Әзербайжан Орта дәлізде қолайлы географиялық жағдайда кең транзиттік әлеуетке ие. Бұл бағытта қосымша жүк ағындарын тарту, тасымалдау мен жеткізу көлемін ұлғайту, сондай-ақ көлік операцияларын оңтайландыру арқылы осы әлеуетті іске асыру үшін жергілікті және өңірлік деңгейлерде маңызды

жобалар іске асырылуда. Шетелдік жүк көліктерінен, оның ішінде ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттердің автотасымалдаушыларынан алынатын салықтар мен баждарды жою жөнінде тиісті шаралар қабылдануда. Ұлттық заңнамаға қауіпті жүктерді тасымалдағаны, ірі қалаларға кіргені үшін алынатын салықтар мен алымдарды жою, сондай-ақ ел аумағында шетелдік көлік құралдарының болу уақытына және Әзербайжан аумағына кіретін салмағы 38 тоннадан асатын көлік құралдарымен өткен жолдың әрбір километріне жол салығын оңтайландыру бағытында өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар пакеті дайындалған. Сондай-ақ, шекарадан өту пункттерінде автокөлік құралдарының жылдам өтуі үшін жағдай жасау, қосымша уақытты жоғалтудың алдын алу, сондай-ақ ұлттық заңнаманы халықаралық тәжірибеге бейімдеу мақсатында ел шекарасынан өту пункттерінде квотадан тыс «Рұқсат» бланкілерін беруді жоюға қатысты заңнамаға түзетулер ұсынылды.

22. Транзиттік әлеуетті және жүк ағындарын арттыру мақсатында Әзербайжан пандемияға дейін көлік және транзиттік алымдарға жеңілдіктер қолданды. Бұл жеңілдіктер ТҮРКПА мүше мемлекеттердің тасымалдаушылары үшін көлік операцияларын жеңілдету және көлік шығындарын азайту тұрғысынан маңызды болды. Бұдан басқа, ТҮРКПА мүше мемлекеттер компанияларының Каспий теңізіндегі ХЖТ (TIR) тасымалдарына инвестициялауға қатысуы, сондай-ақ паромдарды/жүк жөнелтушілерді бірлесіп пайдалану саласындағы ынтымақтастық тасымалдау көлемін ұлғайтуға және шығындарды оңтайландыруға ықпал етуі мүмкін.
23. Қазіргі уақытта транзиттік тасымалдардың ашықтығын және көлік процесіне қатысушылар арасындағы тең жағдайларды қамтамасыз етудің маңызды құралдарының бірі Орта дәлізді цифрландыру болып табылады. Осы бағытта Әзербайжан 2022 жылғы 21 қазандағы тиісті Заңның қабылдануымен БҰҰ-ның Жүктерді халықаралық жол тасымалы туралы келісім туралы конвенциясының Электрондық жүкқұжаттар туралы қосымша хаттамасына (E-CMR) қосылды. Сондай-ақ, «Халықаралық жүк тасымалы туралы буклетті қолдана отырып, Халықаралық жүк тасымалы туралы» Кедендік конвенцияға Жаңа 11-ші қосымша қабылданды, ол е-TIR жүйесі бойынша тасымалдау үшін құқықтық негіз қалыптастырады.

24. Сонымен бірге Жүктерді транзиттік тасымалдау жөніндегі үйлестіру кеңесі жүктерді тасымалдауға бірыңғай тарифтерді, шекараларды кесіп өту рәсімдерін, жүктерді тасымалдау қағидаларын белгілеп, келісімшарттардың талаптарын, оның ішінде келісімшарттардың талаптары мен оларды жасасу тәртібін, Өзербайжанның Мемлекеттік шекарасын кесіп өту кезінде әкімшілік рәсімдерге электрондық өтінімдерді қабылдауды және оларды жасасу мүмкіндігін, жүк тасымалдау саласындағы электрондық әдістермен шарттар, жүктерді қадағалау және көлік процестеріне қатысты басқа да мәселелерді көрсететін электрондық портал құру бойынша жұмыс жүргізілуде.
25. Өзербайжан бірқатар аймақтық жобаларды жүзеге асыруға белсенді қатысуды жалғастыруда. Осындай жобалардың бірі «Цифрлық маршрут» жобасы. Жобаның негізгі мақсаты Каспий теңізі порттары (Баку халықаралық теңіз сауда порты, Ақтау порты, Құрық порты және Түрікменбашы порты) арасындағы көлік операциялары мен сауданы жеңілдетуді қамтамасыз ететін бірыңғай цифрлық платформа құру болып табылады. ОАӨЭЫ шеңберінде Өзербайжан Грузиямен және Қазақстанмен жетілдірілген транзиттік жүйені (ОРТЖ) енгізу бойынша ынтымақтасады. Жоба транзиттік операциялар үшін кедендік кепілдіктер тізбегін ұйымдастыру, құжаттар санын азайту, ақпаратты алдын ала электрондық алмасу және кедендік өткізу пункттеріндегі аялдамаларды қысқарту есебінен тәуекелдерді талдау мен бағалауды жеделдету мақсаттарына қызмет ететін болады.

Қазақстан

26. Қазақстан мен Өзербайжан Азия-Еуропа бағыты бойынша және кері қарай жүктерді жеткізуде маңызды рөл атқара отырып, транзиттік-көліктік әлеуетті, логистиканы, оның ішінде Кавказ бағытын жаңғырту және дамыту бойынша үлкен күш-жігер жұмсауда. Осы тұрғыда Өзербайжандағы Қарабақ төңірегіндегі ахуалды тұрақтандыру Оңтүстік Кавказ бен Түркияның Қазақстанмен және Орталық Азия елдерімен неғұрлым ауқымды трансөңірлік интеграциясы, Каспий порт инфрақұрылымының өсіп келе жатқан әлеуетін ашу үшін жаңа жағдайлар жасайды. Сондықтан қазіргі жағдайда Орта дәліз бағытын әлемдік сауда, транзит және жеткізу жүйесіне дұрыс орналастыру қажет. Бүгінгі таңда 80-нен астам қазақстандық компания өз өнімдерін

Әзербайжанға тұрақты экспорттаушылар болып табылады. Бұл ретте металлургия өнімдерін, тамақ өнімдері мен сусындарды, машина жасау және химия салаларының өнімдерін қоса алғанда, 272 млн АҚШ доллары сомасына 105 тауар позициясы бойынша Қазақстаннан экспортты ұлғайту әлеуеті бар. Әзербайжанда жұмыс істейтін 15 мың шетелдік капиталы бар компаниялардың 159-ы қазақстандық капиталмен құрылған. Бұл компаниялар өнеркәсіп, құрылыс, сауда, ауыл шаруашылығы, көлік және қызмет көрсету салалары сияқты экономика салаларында жұмыс істейді. 1995-2021 жылдары Қазақстанның мұнай емес секторына Әзербайжанның салған инвестициялары 200 млн АҚШ долларынан асқан болса, Әзербайжанның мұнай емес секторына Қазақстанның салған инвестициялары шамамен 100 млн АҚШ долларын құрайды.

27. 2022 жылғы 26 мамырда Бішкекте Қазақстан мен Қырғызстан Президенттерінің кездесулері аясында сауда-экономикалық байланыстар мен көлік-логистикалық қызметтерді дамытуға қатысты бірқатар маңызды шешімдер қабылданды. Атап айтқанда, кедендік рәсімдерге цифрлық шешімдерді енгізуді қоса алғанда, қазақ-қырғыз шекарасының өткізу қабілетін жақсарту ұсынылды, бұл ретте жаңғыртылған «Қордай – Ақ Жол» өткізу пунктін құру туралы шешім қабылданды. Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы өңіраралық ынтымақтастық форумдарын ұйымдастыруды қоса алғанда, облыстар арасында толыққанды өзара іс-қимылды жолға қоюдың маңыздылығы ерекше атап өтілді. Электр энергиясын айырбастау жөніндегі жұмысты тиімді жүргізу мақсатында Қазақстан Қырғызстанда гидроэнергетикалық құрылыстарды, атап айтқанда, Камбаратин ГЭС-1 бірлесіп салуды ұсынды. «Қарасу» және «Ақ-тілек» өткізу пункттері ауданында «Алатау» индустриялық сауда-логистикалық кешенін салу бойынша келісімдерге қол жеткізілді. Бұл кешенді құру делдалдар санын азайтуға, түпкілікті тұтынушы үшін өнім құнын төмендетуге және жеткізу жылдамдығын арттыруға мүмкіндік береді.
28. 2022 жылғы 10 мамырда Қазақстан мен Түркия Президенттерінің Анкарадағы кездесуі барысында көлік-транзиттік әріптестікті нығайту және Орта дәліз әлеуетін неғұрлым толық пайдалану жөнінде уағдаластықтарға қол жеткізілді. Халықаралық құрамдастырылған жүк тасымалдары туралы келісімге және Ақпарат алмасу ісін

ұйымдастыру және кедендік бақылау рәсімдерін оңайлату туралы келісімге, сондай-ақ екі елдің компанияларымен 30 коммерциялық құжаттарға қол қойылды. Соңғы 16 жылда Түркиядан Қазақстанға тікелей инвестициялар көлемі 4,2 млрд АҚШ долларын құрады. 2021 жылы Түркиядан 680 миллион АҚШ долларына жеткен тікелей шетелдік инвестициялардың рекордтық деңгейі тіркелді. Қазір Қазақстанда түрік капиталы бар 4 мыңға жуық компания табысты жұмыс істеуде. Түрік бизнесінің қатысуымен Қазақстанда 2 млрд АҚШ долларынан астам сомаға 61 ірі жоба іске асырылды. Бүгінде 2,5 млрд АҚШ долларынан астам сомаға 25 жоба жүзеге асырылуда. Іске асыру сатысында – құны 1,3 млрд АҚШ долларынан асатын 54 перспективалық жоба бар. Сонымен қатар, Қазақстан түрік инвесторларына асыл және түсті металдарды геологиялық барлау саласында 5 дайын жобаны ұсына алады. Бұдан басқа, Қазақстанның агроөнеркәсіптік секторында зығыр және басқа да майлы дақылдарды қайта өңдеу бойынша бірлескен кәсіпорындар ашу ұсынылады.

29. Қазақстан Қытай мен Еуропаға мұнай экспорты бағыттарын, оның ішінде түрік көлік дәліздерін пайдалана отырып, әртараптандыруды бастады. Мұнай құбырларының өткізу қабілетін арттыру және Ақтау мен Құрық теңіз порттарын жаңғырту жұмыстары басталды. Сондай-ақ, Құрық теңіз порты Транскаспий дәлізіне қосылғаннан кейін Қорғастан Ыстамбұлға жүк тасымалдау уақыты 5 есеге қысқарды. Бұрын 60 күн болған жүк қазір небәрі 13 күнде келеді.

Қырғызстан

30. Қырғызстанның географиялық орналасуы тұрғысынан Орталық Азияның жүрегінде орналасуы мемлекетке айтарлықтай экономикалық пайда әкелетін және бірінші кезекте транзиттік әлеуетті іске асыру есебінен негізгі артықшылықтардың бірі болып табылады. Қырғызстанның көлік инфрақұрылымы жеткіліксіз дамығандықтан, күрделі климаттық және географиялық жағдайларға байланысты, әсіресе қыс мезгілінде көлік шығындары жоғары. Мамандардың есептеулері бойынша Қырғызстандағы экспорттық-импорттық өнімге арналған көлік шығыстары 25% құрайды, ал теңізге шығатын елдерде олардың үлесі шамамен 10% құрайды. Ауыл шаруашылығы мен

өнеркәсіптегі экспортқа бағытталған бизнес жылдам, сенімді және қолжетімді көлік және телекоммуникация байланыстарын қажет етеді. Соңғы жылдары ел Қытаймен және басқа Азия елдерімен аймақтық сауданы дамыту арқылы өзінің көлік инфрақұрылымын едәуір жақсартты. Өңірлік және халықаралық деңгейлерде Қырғызстан өзінің көлік саясатын ТРАСЕКА және ОАӨЭЫ бағдарламаларына сәйкес айқындайды, оның шеңберінде жүк және жолаушылар тасымалы саласындағы өңірлік іс-шаралар үйлестіріледі.

31. Бүгінгі таңда Қырғызстан Қазақстанмен бірлесіп қырғыз-қазақ Өнеркәсіптік Сауда-Логистикалық Орталығын құру жөніндегі жобаны бірлесіп іске асыруды әзірлеуде. «Ақ-тілек» және «Қарасу» автожол өткізу пунктінде Өнеркәсіптік Сауда-Логистикалық Кешенді құру және пайдалану жөніндегі бірлескен іс-шаралар жоспары қарастырылуда. Тараптар мен «Joint Technologies» компаниясы кешенді құру және оның жұмысы, сондай-ақ кешеннің инфрақұрылымына инвестициялар тарту жөніндегі тұжырымдама мен бірлескен іс-қимыл жоспарын құру туралы Меморандумға қол қойды. Осы кезеңде кешеннің жұмысы туралы Үкіметаралық шарттың жобасы бойынша келіссөздер жүргізілуде.
32. Қытайлық жүктердің ЕО-ға және Таяу Шығысқа Орталық Азия елдерінің аумағы арқылы транзиті үшін Қырғызстан Өзбекстанмен және Қытаймен бірлесіп Қытай - Қырғызстан - Өзбекстан темір жол магистралін салу жөнінде келісім жасасты. Қырғызстан аумағында Торугарт - Арпа - Макмал - Джалал-Абад аралас бағыты бойынша 280 км құрайтын магистраль жүргізу жоспарлануда. Жолдың құны шамамен 5 миллиард АҚШ долларына бағаланады. Магистральдың әлеуеті жылына 7-ден 13 млн тоннаға дейін жүк тасымалымен бағаланады. Олардың 80% транзит, ал 20% Қырғызстанның саудасы деп есептеледі. Жобаның рөлі Орталық және Батыс Азияның бірыңғай көлік желісін құру болып табылады. Жобаны іске асыру Азиядағы сауда және тасымалдау географиясын кеңейтуге мүмкіндік береді. Ол арқылы Қытайдан жүктер Қырғызстанға, Өзбекстанға және осы елдер арқылы Еуропаға, сондай-ақ Оңтүстік дәліз арқылы Парсы шығанағы елдеріне жіберіледі.
33. 2022 жылғы сәуірде Қырғызстанда ұзындығы 63 км Балықшы – Көкқор темір жолының құрылысы басталды. Географиялық тұрғыдан Қырғызстан темір жолы екі учаскеге бөлінген – ұзындығы 323,4 км

«солтүстік» және ұзындығы 101,2 км «оңтүстік», олар тиісінше Қазақстан мен Өзбекстанның темір жол желісіне шығуды қамтамасыз етеді. Елдің «солтүстік» және «оңтүстік» бөліктерін жалғау үшін Балықшы – Көкқор – Қара-кеше – Макмал – Жалал-Абад темір жолын салу қажет. Сарапшылардың бағалауы бойынша, жобаның құны шамамен 1 миллиард АҚШ долларын құрап, 1 км теміржол салу үшін 5,3 миллион АҚШ доллары қажет ететін болады. Қазір Қырғызстанда Ош, Баткен және Жалал-Абадтан Өзбекстанға тікелей темір жол өтеді, ол Түрікменстан арқылы Иранмен байланысады. Балықшы – Жалал-Абад жобасы аяқталғаннан кейін ТҮРКПА-ға мүше елдер үшін Қырғызстан мен Өзбекстан арқылы тағы бір Оңтүстік дәліз ашылатын болады.

Түркия

34. Түркиядан басталатын «Транскаспий халықаралық көлік бағыты» (Орта дәліз) ежелгі Жібек жолын жандандыруға бағытталған күш-жігердің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ол Грузия, Өзербайжан және Каспий теңізі арқылы (Каспий транзиттік дәлізі арқылы) тиісінше темір жол және автомобиль жолдары арқылы өтіп, Түрікменстан-Өзбекстан-Қырғызстан немесе Қазақстан бағдарлары бойынша Қытайға жетеді. Бұл бағытта Баку/Алят (Өзербайжан), Ақтау/Құрық (Қазақстан) және Түрікменбашы (Түрікменстан) порттары «Орта дәліздегі» мультимодальды тасымалдаудың негізгі пункттері болып табылады. Осы елдерден басқа «Орта дәліз» бастамасын Ауғанстан мен Тәжікстан да қолдайды.
35. Қытай, Түркия және Еуропа арасында «Орта дәліз» және «Баку-Тифлис-Карс» теміржол желісі арқылы үнемі жүретін контейнерлік тасымалдаудың мақсаты; орта мерзімді перспективада жылына 200 пойызға дейін, ал ұзақ мерзімді перспективада жылына 1500 пойызға дейін тасымалдауды жеткізу және Қытай мен Түркия арасындағы жалпы тасымалдау уақытын 10 күнге дейін қысқарту. Сонымен қатар, «Баку-Тифлис-Карс» теміржол желісі 2021 жылдың 10 қыркүйегінен бастап «Орта дәліз» теміржол желісі арқылы жүзеге асырылатын теміржол жүк тасымалы үшін бірлескен көлік құжатын қолданады. Бірлескен көлік құжаты транзиттік режимде жеңілдетілген рәсімдер

бойынша кедендік ресімдеуде пайдаланылады және уақыт пен шығындарды үнемдейтін «Транзиттік ілеспе құжат» ретінде ресімделеді.

36. Өткен кезеңде Әзербайжан тарапы Каспий теңізін кесіп өту үшін маңызды қадамдар жасап, жол жүру жеңілдіктерін беруде. Түркия мен Әзербайжан арасындағы келіссөздер барысында жақын арада ірі кемелерді де жұмысқа тартатыны белгілі болды. Осы салаларда жасалатын жақсартулар Каспий өткелдерін/Орта дәлізді барлық тасымалдаушылар үшін ең жақсы балама маршрутқа айналдырады. Сондай-ақ, Әзербайжан тарапының өтініші бойынша 1992 жылы Түркия мен Әзербайжан арасында қол қойылған қолданыстағы «Автомобиль тасымалы туралы» келісімшартты ұзарту туралы келісімге қол жеткізілді. Жаңа келісімге сәйкес жол ақысын толығымен алып тастау және екіжақты/транзиттік тасымалдарды ырықтандыру елдер арасындағы тасымалдаулар мен сауданы одан әрі дамытуға елеулі үлес қосады, сондай-ақ халықаралық тасымалдарды тиісті деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік береді.
37. Соңғы жылдары Қазақстан аумағы Түрікменстан арқылы өтетін баламалы бағыт пандемия кезеңінде жабылғандықтан және пандемиядан кейінгі кезеңде белсенділік танытпағандықтан, Орталық Азия елдеріне түрік жүктерін тасымалдау және автомобиль қозғалысы үшін жалғыз бағытқа айналуда. Ұзақ уақыт бойы туындайтын қазақстандық-түрік транзиттік құжаттарының проблемаларын шешудегі негізгі серпіліс 2022 жылғы 9-10 мамырда Анкарада жасалған уағдаластықтар болды. Осы кеңестер шеңберінде 2022 жылы қол қойылған «Құрама тасымалдар туралы» келісімге өзгерістер енгізілді, сондай-ақ квоталар мәселелері шешілді. Болашақта екіжақты және көпжақты сауданың тұрақты өсуін қамтамасыз ету үшін пайдалы болатын екіжақты және транзиттік тасымалдарды толық ырықтандыруға сенуге болады.
38. Қырғызстанда түрік тасымалдаушылары үшін жол ақысы өзара келісім негізінде алынбайды. Транзиттік құжаттарға квоталар түрік тасымалдаушылары үшін ұзақ уақыт бойы жеткілікті болып келді, ал қырғыз тарапынан қосымша құжаттарға сұраныстар транзиттік құжаттарды пайдалана отырып, қалыптасқан жағдайды ескере отырып қанағаттандырылды. Бұдан бөлек, 2019 жылы Өзбекстанның транзиттік құжаттарын алуға квотаның ұлғаюымен Қырғызстанға

тасымалдау да ұлғайып, қосымша құжаттар сұралды. 2021 жылғы 15-16 қыркүйекте Бішкекте өткен келіссөздер барысында тараптар екіжақты және транзиттік тасымалдарды ырықтандыру туралы уағдаласты.

IV. ҚОРЫТЫНДЫ

39. Қорытындылай келе, ТҮРКПА-ға мүше елдерде транзиттік әлеуетті дамыту бағыты бойынша нақты іс-шаралар жүргізіліп жатқанын айта кеткен жөн. Әр елдің бұл салада бірегей тәжірибесі бар және ТҮРКПА-ға мүше елдердің одан әрі ынтымақтастығы осы бар транзиттік дәліздердің ТҮРКПА өңіріндегі даму ошақтарын жаһандық деңгейдегі жүк тасымалы қарқынына дейін көтеретіндей ілгерілетіп, тиімділігін айтарлықтай арттыруға бағытталуы тиіс.
40. ТҮРКПА мүше мемлекеттер Батыс пен Шығыс, Солтүстік пен Оңтүстік қиылысатын маршруттар арасында географиялық тұрғыдан тиімді орналасқанын атап өткен жөн. Сондықтан геосаяси және әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздықтың қазіргі күрделі кезеңінде көлік-транзиттік коммуникациялардың әлеуетін арттыру және олардың мүмкіндіктерін барынша пайдалану маңызды мәнге ие болады. ТҮРКПА мүше елдер үшін осындай коммуникациялық хабтардың бірі Орта дәліз және ТРАСЕКА болуы мүмкін. Осы тұрғыда осы бағыттардағы көлік-логистика саласын дамытудың басымдықтарын белгілеу маңызды. ТҮРКПА-ға мүше әрбір ел көлік маршруттарының санын ұлғайтуға және логистиканы дамытуға мүдделі болуы тиіс, өйткені тек Орта дәлізді дамытуға 2025 жылға дейін 20 миллиард АҚШ доллары көлемінде инвестиция тарту жоспарланып отыр. Түркі мемлекеттері өз арасындағы ішкі көлік-транзит дәліздерін дамытуға ерекше көңіл бөлінуге тиіс. Ол үшін шекаралық өткізу пункттерін жаңғыртуды жүзеге асыру және «цифрлық көлік жүйесін» қалыптастыру қажет. ТҮРКПА мүше елдердің барлық астаналары арасында, мысалы, Баку – Астана, Астана – Бішкек, Бішкек – Баку арасында әуе қатынасын қалыптастыру маңызды. Көлік-транзиттік маршруттардың түйіскен жерінде «тар тамақтың» қалыптасуын зерделеу, порт тораптарының қызметін синхрондау және вагон паркі

мен локомотивтік тарту паркінің тапшылығын еңсеру бойынша бірлесіп шешу жолдарын табу қажет.

41. ТҮРКПА мүше мемлекеттер арасында аралас тасымалдарды ілгерілетуді және осы саладағы нормативтік-құқықтық базаны нығайтуды көздейтін Түркі мемлекеттері ұйымына мүше мемлекеттер арасындағы «Халықаралық аралас жүктерді тасымалдау туралы келісім» және «Жеңілдетілген кеден дәлізін құру туралы келісім», Түркі мемлекеттері ұйымының «Саудаға жәрдемдесу стратегиясы» мен «Көліктік қосылу бағдарламасы» үлкен маңызға ие.
42. ТҮРКПА-ға мүше елдер тұрақты өсу мен экономикалық дамудың маңызды элементі ретінде сауда-экономикалық әлеуетінің интеграциясын ынталандыру мақсатында көліктік қаңқаны жетілдіру қажеттілігін мойындайды. Халықаралық ынтымақтастық осы саладағы зерттеулер мен әзірлемелерді ілгерілетудегі негізгі ақпараттық алаңдардың бірі болып табылады. Сондықтан семинарлар, конференциялар немесе тәжірибе алмасу бағдарламалары сияқты бірлескен іс-шаралар мен іс-әрекеттер арқылы ТҮРКПА-ға мүше елдер арасындағы ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды кеңейту қажет. Мұндай іс-шараларды ұйымдастыру ТҮРКПА қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылатын модельдік заңдарды әзірлеуге және дамытуға ықпал етеді.